

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі «Ұлттық тестілеу
орталығы»
ШЖҚ РМК директоры
Б.Абдрасилов
« 06 » 11 2024 ж.



Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша мигранттарға (тұрақты тұруға келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға) арналған тест спецификациясы
(2024 жылдан бастап қолдану үшін)

Тестті әзірлеу мақсаты: тұрақты тұруға келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясын меңгеру дәрежесін анықтау.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Конституциялық құрылым негіздері	01	Жалпы ережелер
02	Адам мен азамат құқықтары мен еркіндіктері	02	Адам және азамат
03	Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі	03	Президент
		04	Парламент
		05	Үкімет
		06	Конституциялық Сот
		07	Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
		08	Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

ҚР Конституциясының негізгі бөлімдерін (Жалпы ережелер, Адам және азамат, Парламент, Үкімет, Конституциялық Сот, Соттар және сот төрелігі, Прокуратура, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару). Құқықтық мемлекет түсінігі және оның принциптері. Адам құқықтары түсінігі. Адам құқығы түсінігі және оның негізгі түрлері. Сот төрелігі принциптері. Құқық қорғау органдары. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары: ішкі істер министрлігі, прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдары. Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде. Заң шығару жүйесі: құқықтық актілердің құрылымы мен заң шығарудың кезеңдері. Қазақстан Республикасы - құқықтық мемлекет. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарының дамуы. Қазақстан Республикасында адам құқығын қорғау. Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы.

Әлеуметтік және құқықтық нормалар жүйесі: адам құқығы, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, заңдылық және құқықтық тәртіп туралы білімдерін қолданады; қазақстандық құқық пен халықаралық құқықтың базалық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерін қолданады; құқыққа деген оң көзқарасты қалыптастыру

және заңдарды білу мен орындаудың әлеуметтік пайдалылығын түсіндіреді; қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманизм мен әділеттілік негізінде тұлғаның құқықтық санасын қолданады; оқу және тәжірибелік іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағдыларын меңгереді; әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық нормаларға сәйкес іс-әрекеттерді таңдау кезінде құқықтық білім мен дағдыларды қолданады; қоғамдағы құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды сын тұрғысынан талдау және бағалау дағдыларын меңгереді; қазіргі уақыттағы өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын қолданады.

Тест тапсырмаларының формалары:

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары.

Тест тапсырмаларының саны:

Нұсқадағы тест тапсырмаларының саны – 15.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Тестті жалпы орындау уақыты – 25 минут.

Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау:

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлық тест бойынша жиналатын максималды балл – 15.